



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 32 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

2002 жылғы 15 қараша

Теңгенің тоғызжылдығына арналған

Қазақстанның ұлттық валютасы – теңгенің айналымға енгеніне 2002 жылғы 15 қарашада 9 жыл толып отыр. Бұл мерзім Қазақстан үшін осы оқиғаның тарихи маңыздылығына баға беруге жеткілікті деп ойлаймыз.

Өз ақша бірлігін енгізу Ұлттық Банкке және Қазақстан Республикасының Үкіметіне өз бетінше экономикалық және ақша-кредит саясатын жүргізуге мүмкіндік берді. Ақша-кредит саясатының негізгі мақсаты ұлттық валютаның ішкі және сыртқы тұрақтылығына жету ретінде анықталды.

Инфляцияның төмен қарқыны және теңге девальвациясы тұрақтылыққа жетудің куәсі болып отыр. Бұдан басқа, Қазақстан ХВҚ алдындағы өз міндеттемелерін мерзімінен бұрын өтеді; және 2002 жылғы 30 маусымда мемлекеттік сыртқы борыш (3,8 млрд. долл.) тек қана Үкіметтің тікелей және кепілдік берілген міндеттемелерін білдіреді.

9 жылдың қорытындысы. Осы уақыт ішінде экономикада едәуір өзгерістер орын алды.

Инфляция 1993 жылғы 2153%-тен өзіміз күткен 2002 жылы 6,0%-ке төмендеді. Валюта бағамы тұрақтанды: 2002 жылдың басынан бастап теңгенің АҚШ долларына қатысты құнсыздануы не бары 2,3%-ті құрады және тұтастай алғанда бір жыл үшін ол 4%-тен аспайды деп күтілуде. 1996 жылдан бастап (әлемдік қаржы дағдарысы жылын – 1998 жылды қоспағанда) экономика тұрақты түрде өсуде: 2001 жылы ЖІӨ-нің нақты өсімі 13,2%-ті құрады. 2002 жылы өте жоғары өсім қарқыны күтіліп отыр.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері осы кезең ішінде 7,4 есеге өсті. 2000 жылы Ұлттық қор құрылды және ол тұрақты түрде толығып келеді: 2002 жылғы 15 қарашада оның активтері 1849 млн. долларды құрады.

Экономикадағы ақша ұсынысы да көбейді. 1993 жылдан бастан ақша массасы шамамен 86 еседен аса өсті, қолма-қол ақша – 65 есеге өсті. 1995 жылдан бастап экономикадағы кредиттердің көлемі 9,7 есеге өсті.

Қайта қаржыландыру ставкасы ТМД елдерінің ішіндегі ең төменгі ставка болып табылады.

Халықтың салымы 239,1 млрд. теңгеге жетті және адам басына шаққанда салым мөлшерінің – шамамен 105 АҚШ доллары - көрсеткіштері бойынша Қазақстан ТМД елдерінің ішінде Ресейден кейін екінші орында.

Қазақстанда ТМД-дағы ең сенімді және капиталдандырылған банк жүйесі қызмет істейді. Оған көп жағдайда Ұлттық Банктің банк жүйесін сауықтыру және тұрақтылығын нығайту жөніндегі шаралары себеп болды. 1993 жылдан бастап банк саны 204-тен 38 ге

дейін қысқарды, ал банк жүйесінің меншікті капиталы 1996 жылдан бастап 10 еседен аса көбейді, ал жиынтық активтер 2002 жылғы қазанда 1 трлн.теңгеден астам болды.

Сақтандыру рыногы да қарқын алып келеді.

Жинақтаушы зейнетақы активтері тұрақты өсуде, қыркүйек айының аяғында олар 243,5 млрд. теңгеге жетті.

Осы кезеңде қаржы рыногы қатысушыларының қызметін реттеу бойынша Ұлттық Банктің өкілеттігін кеңейту жүргізіліп жатыр. Қазіргі уақытта қаржы секторының барлық қатысушыларына жеке қадағалау органын құру бойынша заң базасын қабылдау жөніндегі жұмыс жалғасуда.

Қазақстанның төлем жүйесі ТМД елдеріндегі ең мықты жүйелердің бірі болып табылады және әлемдік стандарттарға жауап береді. Ол есептеуде қажетті ақша көлемін барынша қысқартуға және ақшаның айналысын арттыруға мүмкіндік жасады.

Елдің сыртқы борышына келсек, 2002 жылғы 30 маусымда Қазақстан Республикасының жалпы сыртқы борышы 16,7 млрд. АҚШ доллары болды, оның ішінде мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыш – 3,8 млрд. АҚШ доллары (жалпы сыртқы борыштан 22,8 %).

Теңге тарихының негізгі сатылары. Теңге енгізілген сәттен бастап Ұлттық Банктің қызметі ел экономикасының даму проблемаларын шешуге бағытталды және Ұлттық Банктің функцияларын рыноктық экономикасы дамыған елдердің орталық банктерінің функцияларына жақындату жөнінде бірізді қадамдар жасалды.

1994 жылы Ұлттық Банктің ақша-кредит саясаты реттеудің классикалық үлгілерін ескере отырып жүзеге асырыла бастады, олардың бастылары мыналар: берілетін кредиттердің көлемін, қайта қаржыландырудың ресми ставкасының деңгейін реттеу, міндетті резервтердің нормасын белгілеу және валюта рыногындағы операцияларды жүргізу. 1994 жылдың екінші жартысында алғаш рет қайта қаржыландыру ставкасы нақты көріністе оң болды. Сонымен бірге мемлекеттік бағалы қағаздар (МБК) рыногы қалыптасуының басталуы да 1994 жылға сәйкес келеді.

1995 жыл. 1995 жылы Қазақстан экономикасы дамуының негізгі және оң қорытындылары ретінде экономикалық құлдыраудың қарқындарын баяулату және инфляция деңгейін едәуір төмендету болғаны белгілі. Жылдың қорытындылары ақша-кредит саясатының құралдары арқылы инфляцияның монетарлық негізін төмендете отырып, оның деңгейіне әсер етуге болатындығын көрсетті. Осы жылдан бастап директивалық кредиттерді беру тоқтатылды.

Экономиканы кредиттеу функциясы Ұлттық Банктен екінші деңгейдегі банктерге ауысты, ал Ұлттық Банк екінші деңгейдегі банктерді көп жағдайда олардың өтімділігін қолдау мақсатында кредиттеуді жүзеге асыра отырып, орталық банктерге тән ақша-кредит және валюталық реттеудің функцияларын атқара бастады.

Сондай-ақ Қазақстанда өз Банкнот фабрикасының ашылуы, банкаралық валюта рыногының құрылуы мен қалыптасуы, сауда жүргізудің электронды сауда жүйесіне (ЭСЖ) көшу осы жылдың маңызды оқиғасы болды.

1996 жыл. 1996 жылы Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі даму жылдарында бірінші рет ЖІӨ-нің өсуі байқалды, инфляция қарқыны және теңгенің айырбас бағамының девальвациясы айтарлықтай төмендеді.

Қазақстанның 1996 жылғы шілдеде ХВҚ Келісімінің 8-бабы бойынша міндеттемелер қабылдауы маңызды кезең болды, бұл ағымдағы операциялар бойынша теңгенің айырбастылығын ресми түрде нығайтты және шектеулерден еркін, көп жақты төлем жүйесіне көшуге мүмкіндік берді.

Осы жылы Қазақстан ТМД елдерінің ішінде бірінші рет Банк жүйесінің активтерді жіктеу, менеджмент сапасы, бухгалтерлік есептің жаңа принциптері және есепшот жоспары бөлігіне қатысты халықаралық стандарттарға көшу бағдарламасын қабылдады.

Осы кезеңге Қазақстан қор биржасында валюта фьючерстері бойынша саудасаттықтың басталуы жатады.

1997 жылы РЕПО және кері РЕПО операцияларының белсенді түрде жүргізіле бастауы, биржаның операциялық практикасына СВОП-операцияларының енгізілуі байқалды.

1998 жылы әлемдік қаржы рыноктарында дағдарыстық құбылыстардың шиеленісуі және Қазақстанның экспорт тауарлары конъюнктурасының нашарлауы жағдайларында Ұлттық Банктің ақша-кредит саясатының негізгі міндеттері қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету, ұлттық валютаның тұрақтылығын сақтау және банк жүйесін нығайту болды.

Ұлттық Банк елдің ішкі қаржы секторын қорғау үшін ақша-кредит саясатын нығайтты. 1998 жылғы елеуді оқиғалардың бірі Ұлттық Банктің республикалық бюджет тапшылығын тікелей кредиттеу практикасын тоқтатуы болды.

1999 жыл. Әлемдік қаржы дағдарысының әсері салдарынан сауда әріптестері – елдері валюталарының құнсыздануы нәтижесінде төмендеген қазақстандық экспорттың бәсекелестік позициясын қалпына келтіру үшін 1999 жылдың сәуір айында теңгенің еркін өзгермелі айырбас бағамының режимі енгізілді. (ЕӨАБ).

Осы уақытқа валюта рыногы еуросегментінің қалыптасуы, жеке тұлғалардың мерзімді депозиттерін сақтандыру жүйесін қосу жатады.

2000 жыл. Ұлттық Банк ХВҚ алдында өзінің барлық міндеттемелерін мерзімінен бұрын өтеді. “Қазақстан ипотекалық компаниясы” ЖАҚ, «Процессинг орталығы» ЖАҚ құрылды, вексельдік қайта қаржыландыру жүйесін ендіру басталды.

2000 жылдың қазанынан бастап Қазақстанның Ұлттық Банкі мүшесі болып табылатын Сақтандыруды қадағалау органдарының халықаралық ассоциациясының (IAIS) негізгі принциптері мен стандарттарына сәйкес әзірленген “Сақтандыру қызметі туралы” Заң қабылданды.

2001 жыл. Мемлекеттік инвестициялық қызметтің тиімділігін жетілдіру және арттыру, өндірістік инфрақұрылымды және өндейтін өндірісті дамыту, ел экономикасына сыртқы және ішкі инвестицияларды тартуға қолдау көрсету мақсатында Қазақстанның Даму Банкі құрылды. “Қазақстан Актуарлық орталығы” ЖАҚ құрылды, оның негізгі бағыттарының бірі сақтандыру рыногы мен зейнетақы қызметін көрсету рыногында актуарлық қызметті көрсетуге қолдау беру болып табылады.

Қазақстан қор биржасында (КҚБ) бағамды нақты уақыт режимінде белгілеуге мүмкіндік беретін автоматтандырылған РЕПО сауда алаңы қызмет ете бастады.

Одан әрі брокер-дилерлер институты дамуын тапты, олар өздерінің әдеттегі функцияларын орындаудан басқа бағалы қағаздарды бастапқы орналастыру кезінде қаржы консультанттары және андеррайтерлер, KASE-нің ресми тізіміне кірген бағалы қағаздар жөніндегі маркет-мейкерлер мен мамандар ретінде шыға бастады.

Елдің әр түрлі аймақтарында тұратын Қазақстан азаматтарының қаржылық қызметті толық пайдалануын қамтамасыз ету мақсатында почта-жинақ жүйесін дамыту бойынша белсенді жұмыс жүргізіліп отыр.

Ұлттық валюта музейі туралы. Ұлттық валюта тарихының негізгі кезеңдері 1997 жылғы 13 қарашада Ұлттық Банктің орталық аппараты үйінде ашылған Ұлттық Банк музейінің экспонаттарынан көрінеді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев музейді ашып, құрметті қонақтар кітабында естелік жазба қалдырған болатын. Қазіргі уақытта музей қорында 5 мыңнан астам экспонат бар, олардың ішінде алтын адамның макеті, алтын мен күміс құймалары және таза күйіндегі алтын мен күміс, Николай кезеңінің 1898-1899 жылдары шығарылған құны 5-10 рубльдік алтын ақшалары бар.

Экспонаттар базасын кеңейтуге байланысты музейдің алаңын үлкейту туралы (70-тен 200 шаршы метрге дейін) шешім қабылданды және 2002 жылғы 16 қарашада музей Ұлттық Банктің Алматы қалалық филиалында орналасқан жаңа орынға көшіріледі.

Теңге енгізілген күннен бері өткен 9 жыл Қазақстан жасаған таңдаудың маңызды тарихи мәні бар және дұрыс екендігін растады.

Ұлттық Банк қол жеткен жетістіктермен тоқтап қалмау және жаңа деңгейдегі міндеттерді шешуге неғұрлым сапалы көшуді бастау ниетінде. Сонымен қатар, қаржылық секторды белсенді реформалаудан қаржылық делдалдықты сапалық жағынан жақсартуға және қадағалау мен реттеу функцияларын жетілдіруге негізінен басты назар аударылатын болады. Қазіргі уақытта Ұлттық Банк Қазақстанның қаржы секторын ұзақ мерзімді болашаққа дамыту жобасын дайындады, ол әлемдік стандарттарды, оның ішінде Еуроодақ стандарттарына бағдар жасай отырып, қаржы жүйесінің алдында тұрған стратегиялық міндеттерді, қаржы институттары мен ақша-кредит саясатын және қаржылық бақылауды жүргізуге жауапты органдардың қызметінің бағытын айқындайтын болады.

Қаржы рыногының негізгі макрокөрсеткіштері және көрсеткіштері

	1993ж	1994ж	1995ж	1996ж	1997ж	1998ж	1999ж	2000ж	2001ж	2002ж 9 айы	2002 ж 10 айы
Макроэкономика											
ЖІӨ, нақты өсім, %	-9,2	-12,6	-8,2	0,5	1,7	-1,9	2,7	9,8	13,2	9,4	...
Кезең ішіндегі инфляция, %	2165,0	1158,3	60,3	28,7	11,2	1,9	17,8	9,8	6,4	3,5	4,1
Кезең соңындағы қайта қаржыландыру ресми ставкасы, %	-	230,0	52,5	35,0	18,5	25,0	18,0	14,0	9,0	8,0	8,0
Ең төменгі резервтік талаптар, %	-	-	-	-	10,0	10,0	10,0	8,0	8,0	8,0	6,0
Ақша агрегаттары											
Ақша базасы, млрд. тг.	4,4	31,9	64,0	81,9	115,4	81,4	126,7	134,4	175,0	183,7	192,0
Ақша массасы (М3), млрд. тг.	8,2	55,4	115,8	135,0	173,0	148,5	273,9	397,0	576,0	671,7	705,7
Оның ішінде айналыстағы қолма-қол ақша (М0), млрд. тг.	2,3	20,3	48,0	62,8	92,8	68,7	103,5	106,4	131,2	141,4	149,1
Ақша айналымының жылдамдығы (ЖІӨ жыл/М3)	3,6	7,6	8,8	10,5	9,7	11,7	7,4	6,5	5,7	5,6	5,3
Монетизация деңгейі (М3/ЖІӨ жыл), %	27,9	13,1	11,4	9,5	10,3	8,6	13,6	15,3	17,5	18,0	18,9
Халықаралық жалпы резервтер, млн. \$	711,2	1215,5	1653,0	1960,6	2291,2	1963,8	2003,2	2096,0	2508,2	3133,0	3085,9
Халықаралық таза резервтер, млн. \$*	688,6	913,3	1169,8	1334,4	1726,8	1292,0	1521,2	2094,1	2506,0	3130,6	3083,6
Сыртқы борыш											
Жалпы сыртқы борыш, млн. \$, оның ішінде:	-	-	4765,2	5806,9	7749,5	9932,2	12080,8	12684,6	15078,1
Тікелей және кепілдік берілген мемлекеттік борыш, млн.\$	-	-	2054,0	2606,3	3290,0	4007,0	4055,6	3929,5	3799,9
Валюта рыногы											
Теңгенің кезең соңындағы ресми бағамы	6,31	54,26	63,95	73,30	75,55	83,80	138,20	144,50	150,20	154,55	154,35
Теңгенің кезең соңындағы орташа алынған биржалық бағамы	6,31	54,26	63,97	73,80	75,89	84,00	138,25	145,40	150,94	154,72	154,47
ҚҚБ, сауда-саттық көлемі, млн. \$	33,9	1002,4	1813,3	1256,5	1124,7	1311,2	2117,0	1728,9	1952,0	1771,9	2132,3
Банкаралық валюта рыногы, мәмілелердің көлемі, млн.\$	-	-	-	45,9	1622,9	2750,0	1983,6	3206,2	3647,8	2920,7	3333,2
Бағалы қағаздар рыногы											
Қаржы министрлігінің МБҚ эмиссиясы, млрд. тг.	-	0,2	10,5	30,8	55,0	108,2	84,2	61,3	26,2	38,6	43,0
ҚҰБ қысқа мерзімді ноттарының эмиссиясы, млрд. тг.	-	-	13,8	36,6	77,6	61,0	66,9	132,5	116,4	129,8	155,0
Корпоративтік бағалы қағаздар эмиссиясы, млрд. тг.	-	-	-	-	208,0	92,7	83,8	72,4	59,7	89,1	106,4

	1993ж	1994ж	1995ж	1996ж	1997ж	1998ж	1999ж	2000ж	2001ж	2002ж 9 айы	2002ж 10 айы
Кредиттер мен депозиттер											
Экономикаға берілген кредиттердің көлемі, млрд. тг.	-	-	62,0	61,0	71,7	93,4	148,8	276,2	489,8	588,7	620,6
Шағын кәсіпкерлікке берілген кредиттер, млрд. тг.	-	-	-	-	22,9	24,3	39,9	74,2	122,0	146,4	141,4
Занды тұлғаларға теңгемен берілген кредиттер бойынша орташа алынған %-тік ставка **					21,3	17,0	20,8	18,8	15,3	15,3	15,5
Жеке тұлғаларға теңгемен берілген кредиттер бойынша орташа алынған %-тік ставка **					24,6	27,1	16,3	27,0	24,5	24,1	24,4
Депозиттер, барлығы (рез/еместер е/шот. қоспағанда), млрд. тг.	5,9	35,2	67,8	73,0	80,2	79,8	170,4	290,6	444,8	530,4	556,6
Халықтың салымдары (рез/еместерді қоса алғанда), млрд. тг.	-	-	-	-	29,1	31,6	55,0	91,7	186,1	233,3	239,1
Занды тұлғалардың теңгемен салынған депозиттері бойынша орташа алынған %-тік ставка **	-	-	-	-	9,9	8,5	7,9	6,1	5,6	5,5	5,3
Жеке тұлғалардың теңгемен салынған депозиттері бойынша орташа алынған %-тік ставка **	-	-	-	-	12,0	14,5	13,5	15,6	12,8	9,4	10,8
Банк жүйесі ***											
Банктердің саны	204	184	130	101	82	71	55	48	44	38	38
Банктердің меншікті капиталы, млрд. тг.	-	-	-	14,9	26,8	47,3	69,0	97,6	122,1	147,4	150,3
Банктердің активтері, млрд. тг.	-	-	163,0	140,9	169,0	195,8	341,1	527,9	816,6	994,4	1008,8
Сақтандыру рыноғы ***											
Сақтандыру компаниялардың саны	-	-	-	-	66	70	70	42	38	36	...
Жиынтық меншікті капитал, млрд. тг.	-	-	-	-	1,1	1,7	2,5	4,6	5,3	5,6	...
Сақтандыру компанияларының активтері, млрд. тг.	-	-	-	-	3,8	5,3	7,3	8,3	8,9	18,5	...
Сақтандыру төлемдерінің түсуі, барлығы, млрд. тг.	-	-	-	-	3,2	4,1	5,9	8,6	13,9	5,9	...
Сақтандыру төлемдерін төлеу, барлығы, млрд. тг.	-	-	-	-	0,5	1,2	1,0	1,3	2,2	0,6	...
Жинақтаушы зейнетақы қорлары											
ЖЗҚ-ның саны						13	15	15	14	16	...
ЖЗҚ-ның активтері, млрд. тг.						23,5	67,7	112,6	182,4	243,5	...
Төлем жүйесі											
Төлемдердің саны, млн. трансакция	-	-	-	-	6,1	8,7	8,3	9,8	11,0	8,4	...
Төлемдердің көлемі, трлн. тг.	-	-	-	-	2,7	3,0	4,1	7,0	10,3	10,4	...

* - Ұлттық қордың ақшасын есепке алмай

** - кезеңнің соңғы айындағы

*** - алдын ала берілген деректер